

Созақ аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 274 "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 22 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 мамырда № 6196 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 510-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Созақ аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 қарашадағы № 274 "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5252 тіркелген, 2019 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағындағы Кодекстің 504 бабы алып тасталсын;

көрсетілген шешімнің қазақ тіліндегі 1 тармағында "жоғарылатылсын" сөзі "арттырылсын" сөзіне ауыстырылсын.

2. "Созақ аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жариялағаннан кейін осы шешімді Созақ аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

Б. Тұрғанбаев

Б. Байғараев